

LAW AND SOCIAL SCIENCES

during the COVID-19 Pandemic

April 16-17, 2021
Kaskelen, Kazakhstan

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

SULEYMAN DEMIREL UNIVERSITY

**PROCEEDINGS
of the International Conference on Law and Social Sciences
entitled “Law and Social Sciences
during the COVID-19 Pandemic”**

**«COVID-19 пандемиясы кезіндегі құқық және әлеуметтік
ғылымдар» атты құқық және әлеуметтік ғылымдар
бойынша халықаралық конференцияның
МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК СТАТЕЙ
международной конференции в сфере
Права и Социальных наук «Право и социальные науки
в период пандемии COVID-19»**

Kaskelen 2021

УДК 340 (075.8)

ББК 67 я 73

P93

Proceedings of the International Conference on Law and Social Sciences entitled “Law and Social Sciences during the COVID-19 Pandemic” = «COVID-19 пандемиясы кезіндегі құқық және әлеуметтік ғылымдар» атты құқық және әлеуметтік ғылымдар бойынша халықаралық конференцияның баяндамалар жинағы = Сборник материалов международной конференции в сфере Права и Социальных наук «Право и социальные науки в период пандемии COVID-19» - Kaskelen. Suleyman Demirel University, 2021. – 95 p.

ISBN 978-601-7647-13-1

This book represents the official proceedings of the International Conference on Law and Social Sciences held on April 16-17, 2021 at Suleyman Demirel University (Kaskelen, Kazakhstan). The proceedings include the papers by master students, PhD candidates, and researchers on the topics related to the field of law and social sciences.

Осы кітапта Сулейман Демирел Университетінде (Қаскелең, Қазақстан) 2021 ж. 16-17 сәуір күндері өткізілген халықаралық конференцияның материалдары қамтылған. Жинаққа магистранттар, докторанттар және зерттеушілердің құқық және әлеуметтік ғылымдар салаларының тақырыптары бойынша жазған мақалалары енгізілді.

Данная книга содержит материалы международной конференции, проведенной в Университете имени Сулеймана Демиреля (Каскелен, Казахстан) 16-17 апреля 2021 г. Сборник включает в себя статьи магистрантов, докторантов и исследователей по темам в сфере права и социальных наук.

Approved at Scientific Council meeting of SDU №11 from 31 May 2021

УДК 340 (075.8)


ББК 67 я 73

P93

Suleyman Demirel University

Law and Social Sciences during the COVID-19 Pandemic

ISBN 978-601-7647-13-1



CONTENTS

Foreword by Galym Zhussipbek	1
Ағдарбеков Т.А. ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ – ЕГЕМЕНДІ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БЕРІКТІГІНІҢ КЕПІЛІ	3
Есеркенова М.Б. ПАНДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕ ҚР-НЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	7
Dinara Abuova MISBEHAVIOR BY THE INVESTOR: WHAT IS WRONG WITH THE CURRENT REGULATION?.....	18
Жалтырбаева Р., Есеналиев А.Е., Өмір Өзкан ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨРІНІС РЕТІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ҚҰҚЫҚТАНУ МЕН ЭТИКА АЯСЫНДА	23
Куанышбаева А. ПРАВО НА ЗАБВЕНИЕ: ДИСТИНКТИВНОСТЬ РЕАЛИЗАЦИИ ЦИФРОВИЗАЦИИ В СОВРЕМЕННЫХ РЕАЛИЯХ	30
Aidana Otynshieva, Nazgul Balabekova COMPARATIVE-LEGAL ANALYSIS OF HUMAN RIGHTS PROTECTION ISSUES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE GREAT BRITAIN	39
Shyryn Zhalbayeva HOW TO DISCRIMINATE PERSON BY DNA?.....	46
Нажимов А.А. ПУБЛИЧНЫЙ ПОРЯДОК В МЕЖДУНАРОДНОМ АРБИТРАЖЕ: ТОЛКОВАНИЕ ОПРЕДЕЛЕНИЯ В РАЗЛИЧНЫХ ЮРИСДИКЦИЯХ	50
Saeed Shokoohi COVID-19 AND A PROSPECT FOR REGIONAL INTEGRATION AMONG ECO MEMBER STATES	54
Ibrahim Kone REGIONAL INTEGRATION IN THE CONTEXT OF COVID-19: IGAD AND THE MANAGEMENT OF DISPLACEMENT CRISIS	58
Mariyam Siddique, Asif Amin RECONSTRUCTING NATIONAL SECURITY THROUGH HUMAN SECURITY (CONCEPT) IN (THE) POST PANDEMIC WORLD.....	63
Alibek Yermekov CHINESE GEOECONOMIC MEASURES AND COVID-19 PANDEMIC	67
Супыалдияров И.Х. ПРЕВЕНТИВНАЯ ДИПЛОМАТИЯ И ЕЁ РЕАЛИЗАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЯХ	75
Lucyna Myszka-Strychalska EXPERIENCE OF FORCED SOCIAL ISOLATION DURING THE COVID-19 PANDEMIC IN THE OPINIONS OF ACADEMIC YOUTH: A SOCIO-PEDAGOGICAL PERSPECTIVE	79

Жетібаев Н.С. COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ҚЫЛЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	83
Arefeh Mohebi EMPOWERING WOMEN AND CHILDREN AGAINST DOMESTIC VIOLENCE	88

Foreword

A hot welcome to the International Conference on Law and Social Sciences hosted by the Faculty of Law and Social Sciences, Suleyman Demirel University (Kazakhstan) on April 16-17, 2021, and co-organized by the Management and Science University (Malaysia).

This year's theme was Law and Social Sciences during the COVID-19 Pandemic. This topic became highly acute and it is quickly gaining traction in academia, media, state institutions, international organizations and the public in general. Overall, the COVID-19 pandemic changed the world and our lives globally. And the scholars of law and social sciences should be among the first who try to understand, discuss and reassess the "new normal" that emerged after the pandemic. Humanity needs not just medical sciences but also social sciences to meet the pandemic's challenges, overcome the accompanying problems and navigate for a better future.

It was the first time that a conference of this scale organized by SDU has been held online. We are pleased to acknowledge the unrestrained interest and full support of the conference by the SDU's administration. Rector Dr Kuanysh Yergaliyev generously accepted an invitation to open the conference. Also, the opening speech was delivered by the Dean of Faculty of Law and Social Sciences, Dr Marat Akhmedi and Vice-rector Dr Ali Kocak.

The main aim of this conference was to provide a forum for communication between established and emerging scholars and experts in a vast range of research in law and social sciences. Seven prominent key-note speakers from Australia, India, Estonia, Spain, Malaysia, Kazakhstan shared their invaluable visions and perspectives: Professor Uli Shamiloglu from Nazarbayev University, Nur-Sultan, Dr Beate Josephi and Dr Penny O'Donnell from the University of Sydney, Professor C.Raj Kumar from O.P. Jindal Global University, India, José María de Dios Marcer from the Autonomous University of Barcelona, Dr Ferdous Azam from Management and Science University, Malaysia, Dr Abel Polese from Tallinn University of Technology, Estonia. In addition, it was gratifying that many papers from Poland, Iran, China, Pakistan, Uzbekistan and Kazakhstan were submitted to the conference.

Discussions were organized in three sessions: Law, International relations, Education and Human Rights during COVID-19 Pandemic. The dominant topics discussed at the conference ranged from the multidisciplinary and global issues like "the changing role of the state", "national security in the post-pandemic world" to more specific issues, such as "the experience of forced social isolation during lockdown", "remote education during the pandemic", "empowering women and children against domestic violence in the conditions of lockdown".

While it is impossible to name all those who gave their time, a special word of thanks must go to the Organizing Committee members. They had the onerous job of organizing the conference, deciding on and inviting the keynote speakers, assessing the submitted abstracts and evaluating papers. Praise is also deserved for the SDU's administration, who invested their time and efforts to make this conference successful. We believe that the conference served a useful purpose and will continue to be one of the important academic venues hosted by SDU and will attract both established and emerging scholars and experts worldwide.

*Dr Galym Zhussipbek,
Associate Professor
Department of Social Sciences
Suleyman Demirel University*

May 2021

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ – ЕГЕМЕНДІ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БЕРІКТІГІНІҢ КЕПІЛІ

Ағдарбеков Төкежан Ағдарбекұлы

*Академик, заң ғылымдарының докторы, профессор
Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан*

Жер жаһанға жоғары деңгейде қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес бірнеше кезеңге бөлінді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші кезеңде, пандемияға қарсы күресудегі іс-шаралардың нақты жоспарын дайындады. Сол жоспарға байланысты, Үкімет осындай қыйын кезде туындайтын жағдайларды ескеріп, мемлекеттік органдардың қызметтерін пандемияға қарсы күреске арнайы бейімдеудің қажеттілігіне көңіл бөлді.

Әлемнің жаңа болмыс бітімінің қалыптасу кезеңінде реформаларға тың серпін беріп, осы бағыттағы Ұлт жоспарын және Бес институциональдық реформаны негізгі бағдарлама ретінде қабылдау қажеттілігін айтты.

Пандемия және дағдарыс кезіндегі мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі ретінде, бұл саладағы реформаларды іс жүзіне асырудың маңыздылығына көңіл бөліп, стратегиялық жоспарлау және реформалар агентігін құру туралы шешім қабылдады. Пандемия кезінде мемлекеттік қызметкерлердің басым бөлігі қашықтан жұмыс істеу режиміне көшірілді. Норма шығару мәселесі қайта қаралып карантин кезінде жұмысты тежеу мақсатында, төтенше жағдай режимін енгізіп, «Төтенше жарлық» шығару көзделді.

Жаңа кезеңдегі экономикалық дамуды басты жеті қағидатқа негіздеді.

Пандемиямен күрес жөніндегі кешенді бағдарламаға сәйкес, Үкімет нақты шектеулермен бейімді карантин әдістерін жергілікті аймақтардың ерекшеліктерін ескеріп енгізуді бастады. Пандемияға қарсы жедел шаралардың топтамалары қабылданды. Табыссыз қалған 4.5 миллионнан астам азаматтарға 42500 теңге мөлшерінде арнайы көмек берілді. Ал әлеуметтік саладағы және дағдарыс кезіндегі экономиканы қолдау мақсатында ұлттық қордан 1 триллион теңге берілді. Әлеуметтік төлемдерді индексациялауға арналған жұмыстар жалғасын тапты. 2023 жылға дейін, осы бағытта 1 триллион теңге қаржы бөлу жоспарланды.

Жаңа кезеңдегі мемлекетті басқарудың жаңа үлгісі негізінде, бұл саладағы реформаларды жүзеге асыру, қазіргі саясат пен шешім қабылдау жүйесіне, оларды орындауға арналған жауапкершілікке көзқарасты өзгерту көзделді.

Пандемия кезінде мемлекеттік басқару жүйесін күшейту мақсатында Президентке тікелей бағынышты Стратегиялық жоспарлау мен реформалар агентігі құрылды. Реформалар жөніндегі жоғарғы президенттік кеңес құрылды. Пандемия кезінде, мемлекеттік қызметкерлердің басым бөлігін қашықтан жұмыс істеу режиміне көшірді. Құқықтық саясат тұжырымдамасы негізінде заңнаманы өзгерту арқылы құқықтық регламенттеу деңгейлерінің арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету тапсырылды. Осы інеттің салдарына байланысты мектеп оқушылары және студенттер уақытша қашықтан оқытуға көшірілді. Соған байланысты, қашықтан оқытудың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуге тура келгендігі белгілі. Дегенмен, бұрынғыдай сапалы білім беру үшін, қалыптасқан дәстүрлі оқыту тәсіліне көшудің тәртібін әзірлеу тапсырылды.

Пандемия кезінде дәрігер мамандығының өте қажеттілігін ескеріп, материалдық жағынан қолдау мақсатында және медицина қызметкерлерін ынталандыратын қосымша төлем үшін 150 миллиард теңге бөлудің қажеттілігі тапсырылды.

Азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік беретін және әлеуметтік-экономикалық дамудың міндеттерін табысты орындайтын мемлекетіміздің заң үстемдігін орнату тапсырылды. Пандемияға байланысты құқық қорғау органдарына жаңа талаптар қойылды. Төтенше жағдайлар министрлігін қайта құру тапсырылды. Сонымен қатар құқықтық мемлекеттің маңызды шарттарының бірі ретінде, әділ сот төрелігін құрып, соттың тәуелсіздігін қолдауды тапсырды. Сонымен бірге, адвокат пен прокурордың теңдігін қамтамасыз ету мен жергілікті полиция қызметінің тұтас реформасын жасау жоспарланды.

Екінші кезең, дүние жүзіне қауіп төндірген індеттің өзін зерттеп тексеруден басталады. Себебі, қауіпті індеттің қайдан шыққанын, қалай таралатынын және толық диагнозын білмей, емдеу жолын табу мүмкін емес екендігі белгілі болды.

2020 жылдың 4 наурызында Женевада өткен брифингте, бірінші рет Дүниежүзлік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Аданом Гебреиесус COVID-19 вирусын «Пандемия» деп жариялаған.

COVID-19 індетінің адамнан-адамға жұғуына байланысты тез арада таралатындығы 2019 жылдың 8 желтоқсанында Қытайдың Ухань қаласында белгілі болған және сол жылдың аяғында вирусқа Коронавирус - деп арнайы ат беріліпті.

Коронавирус инспекциясының пайда болу себептері, симптомдары, диагнозы мен ем жасау тәсілдерін зерттеу қажеттілігі туындады.

Коронавирус инспекциясы, жұқпалы аурулардың басым аденогенді механизмі бар өткір инфекциялық патология РНҚ бар коронавирус туындаған. Коронавирусқа тән – жоғарғы тыныс жолдарының зақымдануы, жиі емес – ішек пен асқазанның ауыруы жатады.

Вирусқа қарсы арнайы ем жасауға алғашқыда вакцина жоқ болғандықтан дүние жүзіндегі барлық елдерде ғылыми медициналық зерттеулер қолға алынды. Мутацияға ұшырап адам ағзасында өмір сүруге бейімделген инфекциялар тек жануарларда болғандықтан зерттелмеген. Соған байланысты бірінші тәсілі -тез арада вакцина дайындалуға қажетті материалдарға, ауырған адамдардан вирустар жинау, олардан генетикалық материалдарды ажыратып алу керектігі қажет болды.

Екінші тәсілге - ауру тудыруға қабілетсіз өлі вирустың көшірмесін жасау. Бұл процесс ғалымдардың ойынша, кемінде екі жылға дейінгі уақытты алуы мүмкін. Сондықтан орны толмас өкінішке жол бермеу мақсатында вирусқа қарсы сақтандыру шаралары ұсынылды:

- 1) Қолды сабынмен немесе спиртпен жиі жуу.
- 2) Жөтелгенде ауызды мұрынды жабу.
- 3) Тұмауы бар адамдарға жоламау, қызу көтерілсе, жөтелсеңіз жедел жәрдем шақыру.
- 4) Ет базарына барғанда басқа заттарды ұстамау.
- 5) Тағамды әсіресе етті асықпай пісіру.

Еліміздегі коронавирусына қарсы күрес тек мемлекет белгілеген арнайы заң нормаларымен және әлеуметтік нормалармен іс жүзіне асырылатын болғандықтан, олардың ролі өте жоғары.

Әлеуметтік нормалар - адамдардың жеке мінез-құлқы мен қарым-қатынастарын реттеудің тарихи бекітілген формасы. Оның үш ерекшелігі бар: 1) қоғамдық маңызы бар іс-әрекеттерге ынталанудан шығады; 2) белгілі бір жүйеге сәйкес келетін, міндетті түрде орындалатын тәртіптің түрі мен шегін көрсетеді; 3) қоғамдық ұйғарымның (санкцияның) негізі болуы керек. Сондықтан әлеуметтік нормалар – адамдардың жеке мінез құлқы мен қарым-қатынастарын реттейтін тарихи бекітілген формасы болғандықтан еліміздегі қоғамдық

маңызы бар індетпен күресудегі іс-әрекеттерге адамдарды ынталандыруды, жұмыс істеу жолын белгілейді және осы жүйеге сәйкес келетін жағдайларды ескеріп, міндетті түрде орындалатын тәртіп жолдарын қолдайды. Ал құқық нормалары, коронавирусқа қарсы белгіленген іс шараларын шұғыл түрде жүзеге асыру мақсатында, тиісті полиция органдарының заңдылық күшіне сүйенеді.

Коронавирустың адам денсаулығына, өміріне қандай деңгейдегі әсері туралы мәселелер, күннен күнге көбейіп, проблемалар туғызуы мүмкін.

Үшінші кезең, нақты пандемияға қарсы шұғыл шаралар қолданылатын іс шаралардан басталды. Осыған орай, Қ.Ж. Тоқаевтың 16.03.2020 жылы ел халқына арнайы Үндеуі жарияланды. Онда Қазақстан аумағында төтенше жағдай енгізілді. Президенттің жанынан Мемлекеттік комиссия құрылып, оны басқаруды Премьер министрге тапсырды. Қоғамдық тәртіп қатаң бақылауға алынды, көпшілік қатынасатын іс шаралар тоқтатылды. Ірі сауда нысандарының жұмыстары шектеліп, азық-түлік дүкендері және базарлар өз жұмыстарын жалғастыратын болды. Ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар, көрмелер және жұмысшылар көп баратын басқа да орындар уақытша жабылды. Қазақстан аумағына кіруге және шығуға шектеу қойылды. Мемлекеттік шекара бойынша, өткізу бекеттерінде, вокзалдар мен әуежайларда санитарлық режим күшейтілді. Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет қорынан дәрі-дәрмек, тест жүйелерін және зертханаға арналған жабдықтарды сатып алуға қаражат бөлінді.

Үндеуде Қ.Ж.Тоқаев «Осы дағдарыстан абыроймен өтуіміз керек. Енгізілген шектеулерге әр азамат жауапкершілікпен қарауы тиіс. Әр адам барынша сақтанып, вирустың таралмауына ат салысуы қажет» деді.

Президент пандемияға қарсы халықаралық шараларға мән беріп, Еуразиялық одақпен Түріктілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің самиттің онлайн режимінде өткізді. Бүгінде жаңа коронавирустың таралуына байланысты әлем бойынша сақтық шараларына назар аударылып, Sputnik Қазақстан осы аурудың негізгі белгілері мен одан қорғану амалдарын ұсынды. Сырт елден келген адамдарды әуежайда арнайы тексеруден өткізу тапсырылды. Тұмауы бар адамдар арнайы ауруханаға жатқызылады. Денсаулық сақтау министрлігі алдын алу шараларын күшейтіп, 4 миллионға жуық бетпердеге тапсырыс берді. Бұдан бөлек ауырғандарды тасымалдауға арналған 30 капсула сатып алынды. Республика бойынша орналасқан инфекциялық ауруханаларда қосымша кереуеттер қойылды.

Республиканың мемлекеттік санитарлық бас дәрігері «Қазақстан Республикасының халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» қаулысында пандемия кезіндегі сақтандыру шараларына арнайы көңіл бөлді. Құқық қорғау органдарына карантиндегі жерлерді, ауырғандарды госпитальға орналастыру кезіндегі ауыру жұқтырғандарды жеке күзету тапсырылды.

Алматының халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы коронавирустен сақтандыру күшейтілген режимде жұмыстарын жалғастыруда.

Шымкент ХЖҚО-да індетке қарсы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде. Шымкент қаласы әкімдігінің тапсырысымен қызметкерлер бетперде тағып, есіктердің тұтқалары мен басқа да бұйымдар тиісті санитарлық химиялық тазартудан өткізілуде. Сондай-ақ, адамдардың аурудан қалай қорғануы туралы жұмысқа келушілерге арналған ақпараттық парақшалар ілінді. Талдықорғанда Қаз.Ақпарат – Алматы облысы медицина қызметкерлеріне С.Аспандиаров атындағы ҚазҰМУ ғалымдары коронавирус тақырыбына арналған оқу семинарын өткізді.

Түркістанда облыс әкімі елімізге төтенше жағдай режимінің сақталуын қамтамасыз етуге үздіксіз қызмет ететін ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жұмысына оң баға

берді.Өңірде пандемияның алдын алу мақсатында кешенді қауіпсіздік шараларын қабылдады.Облыс шекараларында 35 блок-пост қойылды.Сондай-ақ басқа қалаларда,облыс орталығында пандемияға қарсы іс шаралар жүргізілуде.Облыста полиция департаментімен ҚР Қылмыстық кодексінің 274-бабымен коронавирус туралы жалған ақпарат деректері бойынша 7 қылмыстық іс қозғалды.Төтенше жағдай режиміндегі департаментке жүктелген міндеттер облыста қатаң бақылауға алынып,тиісті барлық шаралар атқарылуда.

Қ.Ж.Тоқаев халыққа жолдауында Индетпен күрес кезінде қызмет істеген «Дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне,әскери қызметкерлерге, еріктілерге, кәсіпкерлерге және осындай шақта бей-жай қалмаған барша азаматтарға шын жүректен алғыс айтамын.Сіздер айрықша табандылықтың және зор жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеттіңіздер» - деді.

Пандемия дертіне қарсы күрестің үшінші кезеңіне – еліміздегі дәрігер ғалымдардың оперативтік еңбектерімен, адамдарды емдейтін жоғарғы дәрежедегі «Вакцинаның» өз елімізде өндіріле бастағандығы болды.

Президенттің нұсқауымен, осы жылдың басында отандық Вакцинаның екі миллион дозалық күші бар бірінші бөлігін шығару көзделді.Сонымен бірге, 2020 жылдың 22 желтоқсанында Ресейлік Вакцинаның «Спутник V» өндіріске жіберілді.

Алғашқы кездегі емдеуге жіберілетіндердің қатарына, ол ауруды жұқтыру қаупі жоғары: тұрғындар, дәрігерлер, мұғалімдер және күштеу органдарының қызметкерлері қамтылды. 29 қарашадағы бірінші және екінші кездегі клиникалық зерттеулердің нәтижелеріне байланысты «Вакцинаның» ең жоғарғы тиімділігі белгілі болды.Сондықтан Қ.Ж.Тоқаев отандық вакцинаның тиімділігін ерекше тексеріп қорғауды және оның тұрғынларға жетімділігін қамтамасыз етуді тапсырды. Qz COVID-in вакцинасының зерттеуден өтуіне байланысты 2,5 миллион адам тегін алуына мүмкіндік туды.

Осындай өте жоғарғы деңгейдегі, коронавирусқа қарсы іс шараларды қолданып, Президентіміз айтқандай дана халқымызға тән асыл қасиеттердің арқасында жеңіске жететінімізге күмән келтіруге болмайды.

ПАНДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕ ҚР-НЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Есеркенова Мадина Бекболатовна

*М.С. Нәрікбаев атындағы KAZGUU Университеті,
халықаралық құқық мамандығының I курс магистранты
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
maxoni_0103@mail.ru*

Аннотация. Осы ғылыми мақалада автор COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезеңіндегі құқық саласында шетелдегі Қазақстан Республикасы азаматтарының алдында туындаған проблемалық аспектілеріне негіз береді.

Автор COVID – 19 жаһандық пандемиясы анықтаған проблемаларды тәжірибеде кездескен жағдайлармен салыстыра қарап, халықаралық заңнамаларда және ұлттық заңнама нормаларында бекітілген міндеттемелердің қазіргі таңда әлсіз жақтары, сонымен қатар, халықаралық деңгейде орындалмауы мүмкін деген қорытындыға келеді.

Автор пандемия кезінде Қазақстан Республикасы мен басқа елдердің шетелдегі азаматтарына көмек көрсету мақсатында ұсынған жағдайларды салыстыра келе, COVID – 19 жаһандық пандемиясы секілді қиын кезеңде шетелдегі азаматтарына тиімді көмек көрсетуге әзір дұрыс жолдары қарастырылмаған деген қорытындыға келеді.

Сонымен қатар, көптеген елдерде дискриминация (кемсітушілік) орын алған жағдайларды мысал ретінде келтіріп, оларды зерттей отырып, оның дүниежүзі бойынша кең таралуына COVID – 19 жаһандық пандемия әсер етті деген қорытындыға келеді.

Сондай – ақ, автор алдағы уақытта, яғни COVID – 19 жаһандық пандемия секілді дағдарыс орын алған уақытта, мемлекеттер тарапы шетел азаматтарының құқықтарын қорғау мақсатында кейбір іс – шараларды заңнамаға сәйкес орындауы тиіс деп есептейді.

Кілт сөздер: COVID – 19, халықаралық құқық, шетелдегі азаматтар, Қазақстан Республикасы, дискриминация, адам құқығы.

Кіріспе

COVID – 19 жаһандық пандемия әлемдік қауымдастық үшін нақты сынаққа айналды. Алғаш рет COVID – 19 инфекциясы 31 желтоқсан 2019 жылы Қытай Халық Республикасы Ухань қаласында тіркелген болатын (ВОЗ, 2020). 28 қаңтар 2020 жылы Женевада өткен брифингте Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілі Кристиан Линдмейер COVID – 19 инфекциясының таралу қаупін Қытай Халық Республикасында “өте жоғары” деңгейінде бағаланатынын бөліскен болатын (ВОЗ, 2020). Яғни, бұл тек коронавирус инфекциясының таралуының ең алғашқы көрсеткіші болып табылады. Себебі, жақын арада басқа мемлекеттерге де коронавирус инфекциясы таралып, дүниежүзі бойынша індет күш ала бастаған болатын. Сол себептен, көптеген елдер қатаң шаралар қолдануға мәжбүр болды (DW, 2020). COVID – 19 инфекциясы салдарынан әлем бойынша тек денсаулыққа қатысты қиындықтар және зардаптардан бөлек, экономика саласында, құқық саласында және тағы да басқа салаларда барлық адамзат алдында қиындықтар мен зардаптар туындаған болатын.

Соның ішінде, Қазақстан Республикасының елдегі азаматтарымен қатар шетелде жұмыс жасайтын, білім алатын немесе демалу мақсатында шетелге кеткен азаматтарға да қиын кезең болып табылады. Пандемия салдарынан көптеген елдер тарапынан шекаралардың жабылуы, халықаралық рейстерді тоқтатылуы, шетел азаматтарына территорияға кіруге тыйым салу, немесе елден шығуға тыйым салу секілді іс – шаралар орын алды (Danny Santos, 2020). Мұндай шаралар азаматтардың елге оралу құқығынан айыруға әкелді. Сонымен қатар,

шетелдегі азаматтардың жеткілікті өмір сүру мен денсаулық сақтау құқығының бұзылуыда орын алған болатын (Guofu Liu, 2020:1).

Кейбір елдерде пандемия кезінде COVID – 19 «шетелдік ауру» деген ұғым ретінде жарияланып (United Nations, 2020:10), шетел азаматтарына және азиялық тектегі азаматтарға қарсы шабуылдар, қудалау, жұмыс орындарында дискриминацияның орын алуы, бұқаралық ақпарат құралдарында дискриминацияның орын алуы азаматтардың заңсыз дискриминацияға ұшырауына алып келді (Объединенные нации права человека, 2020:4).

Жоғарыда көрсетілген жаһандық пандемия кезіндегі проблемаларды қарастыра отырып, осы мақаланың **мақсаты** болып ҚР-ның шетелдегі азаматтарының құқықтарын қорғаудағы міндеттемелеріне талдау жүргізу және адам құқығын қорғау саласында пандемия кезінде анықталған проблемаларды шолу, басқа мемлекеттер тарапынан пандемия кезінде анықталған проблемаларды шешу жолдарына қарастыру, Қазақстан Республикасы тарапынан көрсетілген көмек құралдарымен салыстыру және талдау арқылы анықталған проблемалардың шешімін табу жолдарын ұсыну болып табылады.

Шетелде өз азаматтарының құқықтарын қорғау саласында мемлекеттің міндеттемелері

Шетелдегі Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекетпен қорғалады: Қазақстан Республикасының Конституциясы 2-ші бөлім, 11-ші бапқа сәйкес *«Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді»* делінген (ҚР Конституциясы, 1995). Көрсетілген бапты бекіте отыра, мемлекет шетелдегі өз азаматтарының құқықтарын қорғауды жүзеге асыруға міндетті болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысына сай, Қазақстан Республикасының консулдық қызметі шетелдегі Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің бір бөлігі болып есептеледі (ҚР Консулдық жарғысы, 2016:11 бап). Сол себептен шетелдегі азаматтардың форс – мажор жағдайлары салдарынан қиын жағдайға тап болғанда, көмекке жүгінетін орны Қазақстан Республикасының консулдық мекемелер және дипломатиялық өкілдіктер болып табылады.

Жаһандық COVID – 19 пандемиясы секілді форс - мажор жағдайлары салдарынан қиын жағдайға ұшыраған, яғни өмір сүруге қаражаты болмауы немесе Қазақстан Республикасының азаматтары тарапына құқықбұзушылық әрекеттердің болуы секілді жағдайларға қатысты Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері шаралар қабылдау бойынша іс-шараларды іске асыру (ҚР Консулдық жарғысы, 2016:20 бап), барлық заңды құралдар мен және әдістермен қорғау Қазақстан Республикасының консулдарының функциялары болып табылады (ҚР Консулдық жарғысы, 2016:5 бап). Сонымен қатар Қазақстан Республикасының консулдық мекемелер шетелдегі Қазақстан Республикасының азаматтарының бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді жүзеге асырады (ҚР Консулдық жарғысы, 2016).

Сонымен қатар, Вена Конвенциясының 5 – ші бабына сай консулдық функцияларының бірі болып, болу мемлекетінде азаматтардың, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау болып табылады. 1963 жылғы консулдық қатынастар туралы Вена Конвенциясына Қазақстан Республикасы 1993 жылы 31 наурызда Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен қосылған болатын (ПВ РК, 1993). Осы Конвенцияға қосыла отырып, мемлекеттер тарапынан өз аумағында басқа мемлекеттердің консулдық мекемелерін құруына келісім берген болатын. Және олардың тағы да айта өтетін функциялары болып, табиғи апаттар секілді төтенше жағдайлар кезінде немесе COVID – 19 жаһандық пандемиясы секілді дағдарыстар орын алғанда көмек көрсету табылады. Ондай көмекті Қазақстан Республикасының шетелдегі азаматтары, яғни туристер, студенттер және еңбек мигранттары пайдалана алады. Екі негізгі көмек түрлеріне тоқталатын болсақ, олар: материалдық – техникалық көмек, мысалға өз еліне қайта оралуды қалай жүзеге асыруға болатындығы туралы ақпараттарды алу болып табылады; және екінші көмек түрі ол қосымша қаржылай көмек. Яғни, қаржылық ресурстарының азаю

салдарынан немесе болмауы салдарынан елге қайту үшін несие ретінде берілетін қаржылай көмек түрі болып табылады (COVID-19 Analytical Snapshot #4, 2020).

Шетелдегі ҚР азаматтарының құқықтарын қорғау саласында пандемия анықтаған проблемалар

COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде ҚР азаматтары короновирус инфекциясы анықталған елдерде және өзге де елдерде туристер қатарында болған болатын (Дмитрий Покидаев, 2020). Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің 2020 жылдың наурыз айының басында бөліскен мәліметі бойынша, жаһандық пандемия кезінде короновирус инфекциясы тіркелген елдерде тоқсан бес мың Қазақстан Республикасының азаматтары болған. Жеке-жеке елдерге тоқталып өтсек, Америка Құрама Штатында қырық мың азамат болған, отыз бес мың азамат Оңтүстік Корей мемлекетінде тіркелген, бес мың бір жүз азамат Біріккен Араб Әмірліктерінде тіркелген, Германияда бес мың, Ұлыбританияда үш мың, Италияда мың сегіз жүз азамат тіркелсе, Францияда мың азамат болған. Сонымен қатар, Мысырда екі мың екі жүз қырық алты қазақстандық турист, Таиландта төрт жүз алпыс алты адам, Үндістанда екі жүз он алты адам және Мальдивте екі жүз қырық төрт Қазақстан Республикасының азаматтары болған. Және осы ақпарат көзіне сәйкес, жоғарыда аталып өткен азаматтардың көбісі студенттер, еңбек мигранттары және олардың отбасылары, туристер және кәсіпкерлер болып табылады (Дмитрий Покидаев, 2020). Осы шетелдегі ҚР азаматтарына қатысты пандемия кезінде өзге ұлт өкілдерінен немесе болу мемлекетінің азаматтары тарапынан да құқықбұзушылық орын алған болатын.

Қазақстан Республикасының азаматтарының елге оралу құқығынан айырылуы

Солардың бірі болып, ҚР азаматтарының елге оралу құқығынан айыруы болды. Короновирус инфекциясы салдарынан көптеген елдер өз азаматтарын қорғау мақсатында шекараларын жауып, халықаралық рейстерді тоқтатуды жөн деп санады (Samantha Kiernan and Madeleine DeVita, 2020). Дегенмен бұл шаралар шетел азаматтарының құқықтарын бұзуға әкеліп соқты. Құқықбұзушылықтың бір аспектісі ретінде, жоғарыда көрсетіліп өткен, халықаралық рейстерді тоқта тұруы болып табылады. *ИОМ (ХКУ) COVID – 19 сапарларына шектеулер туралы базасының 2020 жылғы 6 тамыздағы жағдай бойынша мәліметтеріне сәй*, жалпы алғанда 219 ел, аумақтар немесе аудандар сапарларға 80884 шектеулер енгізген болатын (ИОМ, 2020). Осы аспектіге тығыз байланысты тағы бір мәселе, қол жетімді рейстер санының күрт төмендеуі, сонымен қоса әуе билеттерінің қымбаттауы болып табылады. Мысал ретінде, COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде ҚР жүзден астам азаматтары Таиланд, Индонезия және тағы да басқа елдерде жоғарыда көрсетілген проблемаларға байланысты шетелде қалып қойды. ҚР шетелдегі азаматтарының қаржылық қиындықтары салдарынан, сонымен қоса алдын – ала сатып алынған билеттердің жарамсыз болып қалу себебінен, мемлекет ұсынып отырған эвакуациялық рейс, бір орын 1000 долларға дейінгі төлем жасау қиындыққа әкелген болатын (Шолпан ОРАЗБЕКОВА, 2020). Бұндай жағдайға Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетелге демалу мақсатында кеткен Қазақстан Республикасының азаматтарының демалыстың соңғы күніне дейін шара қолданбағандығына тоқталып, оларға елге оралуға көмек ретінде “эвакуациялық” рейстердің бөлінгендігімен бөліскен болатын. Сонымен қатар, пандемия кезінде шетелде қалған Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, қай елде болмасын өз қаражаты есебінен келгені жайлы мәлімдеп, өзге, әзір елге оралмаған азаматтарға да бюджеттен қаржы бөлінбейтіндігі және мемлекет көмек ретінде жіберілген “эвакуациялық” рейстерге азаматтарға өз есебінен оралуды хабарлаған болатын. Дегенмен, пандемия кезінде шетелде болған Қазақстан Республикасының азаматтары “эвакуациялық” рейстердің бағасы төрт жүз доллар мен мың доллар аралығында тұратындығы, әрі алдын ала алынған билеттерінің жарамсыз болып қалуы, ақшалай қаражаттарының жеткіліксіз болуына сүйене отырып, мемлекет көмек ретінде жіберіліп отырған “эвакуациялық” рейстерге билетті жоғарыда аталып өткен қиындықтар

садарынан ала алмайтындығын жеткізген болатын. Сонымен қоса, елге қайту мүмкіндігі жоқ Қазақстан Республикасының азаматтары шетелде қаражаттын жоқтығынан әртүрлі жағдайда өмір сүруге мәжбүр екенін мойындаған болатын. Және де көрші Ресей елшілігі тарапынан көмек ретінде тұрғын үй бөлінгендігімен бөліскен болатын (Шолпан ОРАЗБЕКОВА, 2020).

Жоғарыда көрсетілген жағдай тек Қазақстан Республикасының азаматтарының алдында туындаған жоқ. Яғни өзге мемлекеттердің азаматтарының алдында елге қайту қиындықтары туындаған болатын және ондай жағдай көптеген елдерде орын алғанын айта өту керек. Мысалы, пандемия кезінде мыңдаған украиндық туристер шекаралардың жабылуы немесе әуе ұшақтарының, рейстерінің тоқтатылуы салдарынан, кем дегенде он бес елдерде қалуға мәжбүр болған болатын. Туристердің негізі елге оралуға билеттері болғанымен, пандемия салдарынан көптеген елдердің тез арада шекараларын жабуы және рейстердің тоқтатылуы бөгет болды. Украина туристері Норвегияда, жүзден астамы Шри – Ланкада, Египетте он бес мың турист, Түркияда, Ресейде және көптеген басқа да мемлекеттерде болған болатын. Тағы айтып өтетін жағдай, ол Украина Сыртқа істер министірлігі барлық шетелде қалған Украина азаматтарын бір апта аралығында жеңілдікті бағамен эвакуациялық рейстер ұйымдастыру арқылы елге қайтаруға уәде берген болатын. Дегенмен, Қазақстан Республикасы министірлігі ұсынған эвакуациялық рейс секілді билеттің бағасы әдеттегі бағадан қымбат болып келетіндігі анықталды (Иван Гребенюк, 2020).

Ресей Федерациясының пандемия кезінде шетелде болған азаматтарына қатысты бөлінген көмек және басқа жағдайларға тоқталып өтетін болсақ, Қазақстан Республикасы және Украина тарапынан көрсетілген көмек жолдарын байқауға болады. Дегенмен, зерттеу барысында өзге, азаматтарға тиімді де көмек жолдары жүзеге асырылғанын байқауға болады. Ресей Федерациясының он мыңдаған азаматтары пандемия кезінде жоғарыда бірнеше рет айтылып өткен проблемалар салдарынан шетелдерде, атап айтсақ Үндістанда, Таиландта, Грецияда, Панамада, Филиппинде, Перуде және тағы да басқа көптеген мемлекеттерде қалып қойған болатын. Өз азаматтарын шетелден елге қайтару мақсатында жоғарыда аталып өткен мемлекеттер тәрізді Ресей Федерациясында эвакуациялық рейстерді тағайындаған болатын, бірақ билет құны азаматтарға тиімсіз болғандықтан, өзге де көмек жолдарын қарастырған болатын. Солардың бірі, Америка Құрама Штаттарындағы Ресей Федерациясының Елшілігі Нью – Йорк қаласында қаражаттары жеткіліксіз болғандықтан, әрі әуе жолдарының жабық болу салдарынан қалған азаматтарға қаржылай қонақ үйде тұруға көмек көрсетіп отырған болатын. Бірақ, кейін Америкадағы отандастарының үйлерінде тұруға рұқсат алып, қонақ үйден көшірілген болатын. Яғни, бұл жерден Ресей Федерациясы Елшілігі тарапынан қаржылай көмек, кейін тағы да басқа көмек жолдары қарастырылғанын байқауға болады. Алайда, Қазақстан Республикасы Елшілігі тарапынан эвакуациялық рейстерден бөлек көмек көрсетілгені айтылмаған (настоящее время, 2020).

Сонымен қатар, Ресей Үкіметі тарапынан пандемия салдарынан өз бетінше елге оралудың мүмкіншілігі жоқ шетелдегі азаматтарына көмек көрсету тәртібін бекіткен болатын. Көмек ретінде Сыртқы істер министрі бес жүз миллион рубль бөлген болатын. Бұл көмек түрі он алтыншы наурыздан отыз бірінші мамырға дейінгі аралықта елге қайтуға алынған билеттері бар азаматтарға ғана қарастырылған болатын (Владимир Кузьмин, 2020). Қаржылай көмекті шетелдегі азаматтарға, оның ішінде ересек адамдарға тәулігіне 2,4 мың рубль және жасы 14-ке толмаған балаларға күніне 1,6 мың рубль жеке карталарына аударылатын болатын. Бұл қаржылай көмек аса көп мөлшерде болмаса да, әрі тек белгілі бір уақыт аралығындағы билеттері бар азаматтарға арналғанымен, біріншіден тәулігіне бөлінген қаражат күнбе күнгі қажетті тауарларға жеткілікті болып табылады; екіншіден, Қазақстан Республикасында немесе Украинада секілді елдермен салыстырып қарағанда, Ресей Федерациясы шетелдегі азаматтарына тек эвакуациялық рейстермен шектелмей, бірнеше көмек түрлерін ойластырғанын көрсетеді (Евгения Котляр, 2020).

Ұқсас жағдай басқа мемлекеттерде де орын алып, мемлекет тарапынан тегін көмек ала алмағандықтан, азаматтар шетелде қалуға тура болды. Жоғарыда көрсетілген мәселе Жаңа

Зеландия тұрғыны алдында туындауының салдарынан, отбасын мемлекет ұсынған бағасы қымбат рейспен жіберіп, өзіне шетелде қалуға мәжбүр болды (Jordan Bond of RNZ, 2020).

Яғни, жоғарыда көрсетілген азаматтардың алдында туындаған қиындықтарды толықтай шешу көптеген мемлекеттер тарапынан мүмкін емес екендігін айқындайды. Жаһандық пандемия секілді дүниежүзі бойынша тараған дерттің адам құқықтарына әкеліп соққан қиындықтары көптеген елдің, соның ішінде Қазақстан Республикасының пандемия секілді жағдайларда шетелдегі азаматтарының құқықтарын толықтай қорғау мүмкіндігі жоқ екені мәлім болды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан пандемияға дейін шетелде елге оралуы қиын болған азаматтарға көмек көрсету шараларын қарастыратын болсақ, 2016 жылы шетелде туроператорлардың кінәсінен елге қайту қиындаған немесе мүмкін болмаған азаматтарға елге қайтару мақсатында көмек қоры құрылатының хабарлаған болатын. Бірақ, бұл көмек тек қана туристерге, оның ішінде туроператорлардың кінәсі болған жағдайда ғана көрсетілетінін айтып өткен жөн (КТ, 2016). Яғни, пандемия кезінде немесе басқа да кезде жұмыс бабымен шетелде болған немесе оқуда болған Қазақстан Республикасының азаматтары, сонымен қатар туроператорсыз демалысқа кеткен шетелдегі азаматтар тарапына қатысты көмек жолдары көрсетілмегенін байқауға болады.

Ресейдегі шетелдік студенттерінің жағдайына COVID – 19 жаһандық пандемиясы қандай әсер тигізгенің зерттеу мақсатында анонимді сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнаманың нәтижесіне сай, шетел студенттеріне аса әсер еткен қиындықтардың бірі болып елге, үйлеріне оралуының мүмкін болмауы болып табылды. Келесі тұрған қиындықтар қатарында қаржылық жағдайының нашарлауы және азық-түлікке және дәрі – дәрмекке қол жетімділіктің болмауы анықталды. Бұл сауалнама 2020 жылдың мамыр айында өткізілген болатын (Yulia E. Pletneva, Galina N. Ochirova, 2020). Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Ешлігінің ресми сайтында жарияланған мағлұматқа сай, 2019 және 2020 жылдар аралығында Ресейдің көптеген жоғарғы оқу орындарында Қазақстан Республикасының жетпіс төрт мың студенттері білім алған (Посольство РК, 2020). Яғни, пандемия кезінде Ресейде Қазақстан Республикасының көптеген студенттерінің болғанын байқауға болады.

Мемлекет адам құқықтары құқығына сай, елге қайтып оралу құқығын қамтамасыз ету мақсатында шектеулер енгізу кезінде қажетті көмек көрсетуге кепілдік беруі тиіс. Сонымен қатар, азаматтарын шетелде мәжбүрлі түрде қалдырмауға, әсіресе COVID – 19 жаһандық пандемиясы секілді қиын кезеңде, ықпал жасау керек (Guofu Liu, 2020).

ҚР Конституциясы 21-бап, 2 бөліміне сай *«Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар»* деп бекітілген (ҚР Конституциясы, 1995). Сонымен қоса, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні қарастыратын болсақ, 12-бап 2 тармағына сай: *«Әр адам кез-келген елден, соның ішінде өз елінен кетуге құқылы»* делінген (МППШ). Азаматтардың елге қайта оралу құқығы барлық құқықтардың арасында ең даусыз, әрі халықаралық құқықта аз талқыланатын құқық болып есептеледі (SYMPOSIUM ON COVID-19). Яғни, COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде шетелдегі азаматтардың көптеген елдердің шекараларының жабылуы салдарынан адамның негізгі құқықтарының бірі - өз мемлекетіне оралу құқығынан айырылуы орын алғанын айқындайды (Guofu Liu, 2020).

Қазақстан Республикасы азаматтарының жеткілікті өмір сүру мен денсаулық сақтау құқығының бұзылуы

Дегенмен, мемлекетте «Қамқор» қоры құрылып, COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде шетелдегі ҚР азаматтарын елге қайтару мақсатында рейсттер ұйымдастырылып, елге 5913 ҚР азаматтарының оралуына ықпал етті (спутник, 2020). Соған қарамастан, өз еліне қайта оралу құқығы толығымен қорғалған жоқ. Кейбір мемлекеттер толықтай шекараларын жауып, шығу рәсімдерін қиындатты. Осындай жағдайға Үндістанға саяхатқа кеткен ҚР-ның 76-ы

азаматтары ұшыраған болатын. Үндістан барлық әуе, құрлық және теңіз көліктеріне тыйым салғанымен қоса, өнімдерге, дәріханалар мен ауруханаларға қолжетілімділіктің болмауы ҚР азаматтары үшін апатты жағдай болып есептелінді (спутник, 2020). Сол себептен, шекараның жабылуы Үндістандағы ҚР азаматтарының жеткілікті өмір сүру деңгейі құқығы мен денсаулық құқығының бұзылуына себеп болып табылады.

ДДСҰ Жарғысына сай: *“Әрбір адам лайықты өмір сүруге ықпал ететін денсаулықтың ең жоғары қолжетімді деңгейіне құқығы бар. Әрбір адам, оның әлеуметтік немесе экономикалық мәртебесіне қарамастан, өзіне қажетті медициналық көмекке қол жеткізе алуы тиіс.”* Сонымен қатар, осы бапқа ұқсас мәтін Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактісі 11 бап 1-ші тармағында орын алған. Яғни, айтылып өткен бапқа сай, *әрбір адам жеткілікті өмір сүруге құқылы*, әрі 12- бап 1-ші тармағына сай, *әрбір адамның дене және психикалық денсаулығының ең жоғары қолжетімді деңгейіне құқылы* екендігі бекітілген (Пакт, 1966).

Денсаулық сақтау құқығына сай өнімдерге, медициналық өнімдерге жеткілікті қолжетімді мөлшерде болуы қажет, сонымен қоса, ешқандай кемсітусіз, әрі қолайлы, сапалы барлығына қолжетімді болуы тиіс (Органы по правам человека, 2000). Яғни, COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде шетелдегі ҚР азаматтарының негізгі құқықтары болып табылатын жеткілікті өмір сүру құқығы мен денсаулыққа құқығы бұзылғаны байқалады.

Guofu Liu өз еңбегінде, халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындай отырып, мемлекет жеткілікті өмір сүру деңгейі мен денсаулық құқығын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдау керек деп тұжырымдайды. Сонымен бірге, шығу мемлекеті мен қатар болу мемлекеті тарапынан шетел азаматтарына тиісті көмек көрсетілуі тиіс. Себебі, медициналық көмекке қол жетімділіктің болмауы COVID – 19 жаһандық пандемиясының таралуына әсер етеді. Сол себептен, COVID – 19 жаһандық пандемиясын болдырмау немесе алдын алу мақсатында жеткілікті өмір сүру құқығы мен денсаулыққа құқықты қорғауға күш салу керек (Guofu Liu, 2020).

Қазақстан Республикасы азаматтарының заңсыз дискриминацияға ұшырауы

COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде тағы да бір, бірақ өте күрделі проблема анықталған болатын. Коронавирус инфекциясы Қытай Халық Республикасы Ухань қаласында алғаш табылғандықтан, өзге ұлттар тарапынан, тіпті саяси көшбасшылары тарапынан да азиялық типтегі адамдарға, шетелдіктерге дискриминация орын алған болатын. Көптеген елдер арасында коронавирус инфекциясы «қытай вирусы» немесе «шетел вирусы» деп аталып, шетелдіктерге, азиялық типтегі адамдарға вирустың таралуы үшін айып тағылып, сол тұлғаларға шабуылдар жасалған болатын.

Бұл туралы “Human Rights Watch” зерттеушілерімен COVID-19 және адам құқықтары туралы виртуалды дөңгелек үстелінде де талқыға алынған болатын. Коронавирус инфекциясының бастапқы шығу кезеңдерінде шетелдіктерге және басқаларды, яғни өз ұлтынан бөлек немесе сол жердің тұрғыны болып саналмайтын адамдарға нәсілшілдік, ксенофобия және дискриминация орын алып, кінәлаулар жиі орын алғаны туралы, сонымен қоса азиялық тектес адамдардың нәсілшілдік шабуылдарының құрбаны болуы жайлы мағлұматты қайдан алдыңыз деген сұрақ және оның болу салдары неде деген сұрақ туындаған болатын. Бұндай сұраққа жауап беру барысында белгілі тұлғалардың кейбір қателіктері кесірінен дискриминацияның өршуіне әкеліп соққаны жайлы пікірлер айтылған болатын. Яғни, Америка Құрама Штатының президенті Дональд Трамп азиялықтар тарапына дискриминацияның орын алуына қарамастан, “Қытай вирусы” терминін қолдануы, сонымен қоса мемлекеттік хатшы Майк Помпеоның “Ухань вирусы” терминін қолдануы Қытай ұлты секілді көрінетін барлық адамдарға және азиялық тектестерге қатысты нәсілшілдік сипаттағы жалған ақпараттар таралуына ықпал етті делінген. Азиялықтарға және шетелдіктерге жалған жала жабу және дискриминацияның орын алуы, шынайы орын алып жатқан пандемияның, оның адам өміріне әкелетін үлкен зардаптарға қарағанда маңызды болып саналды. Және

жауабының сонында белгілі адамдар тобына сілтеу, пандемияға қарсы тұруда тиімді әрекет етуден алшақтатады деп тұжырымдайды (Joseph J. Amon and Margaret Wurth, 2020).

Халықаралық қоғамдастық БҰҰ – ның ресми құжаттарына сай, кемсітушілікпен күресте ынтымақты, әрі ортақ адамгершілікті ұстану керек. Яғни, мемлекеттің лауазымды тұлғаларының немесе көшбасшыларының пікірлері вирустың пайда болуына немесе таралуына, белгілі бір ұлтты кінәлауға немесе оларға жауапкершілікті жүктеуге арналмауы тиіс. Керісінше, COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде шетелден оралған азаматтарға әлеуметтік қорғау ұйымдастырып, дискриминацияға ұшыраған адамдардың құқықтарын заңға сәйкес қорғауды қамтамасыз етуі тиіс (International Covenant on Civil and Political Rights).

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш саяси көшбасшыларды әлемдік бірлікті қалыптастыруға, білім беру мекемелерін цифрлік сауаттылықпен жұмыс жасауға, бұқаралық ақпарат құралдарын халықаралық құқығына сай нәсілшіл немесе кемсітушілік секілді зиян мазмұндарды әлеуметтік желіде таратпауға және жоюға, азаматтық қоғамды сыйластық тұрғысынан дамытуға шақырған болатын. Оның пікірінше, COVID – 19 жаһандық пандемиясымен күресу кезінде адамдарды қорғауға, стигматизацияны тоқтатуға міндеттіміз. Сонымен қоса, *өз қоғамдарымыздың жеккөрушілік вирусына қарсы иммунитетін күшейту, әрі оны тоқтату үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға* шақырады (АНТОНИУ ГУТЕРРИШ, 2020).

Коронавирус инфекциясы жасқа, ұлтқа, жынысына, дініне және тағы да басқа адамдардың өмірлік статусына қарамастан жұғады. Вирус ешкімді дискриминацияға салмайды, дәл солай өзге ұлттарға немесе шетелдіктерге дискриминация вирусына қарсы тұрарда орын алмауы тиіс. Мемлекет әр азаматтың вирустан қорғалуын қамтамасыз ету үшін жауап береді. Сонымен қоса, пандемия аяқталған кезде дискриминацияның сақталуын болдырмауға міндетті (Human Rights, 2020).

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісі 2-бап 1-ші тармағына сай, *«әрбір мемлекет өзінің аумағы шегіндегі және оның юрисдикциясындағы барлық адамдарға, олардың өмірлік статусына айырмашылықсыз Пактіде танылған құқықтарды құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндетті»* делінген. Бұдан басқа, АСКХП – ның 20 бабының 2 – тармағына сәйкес, *«кемсітушілікке, дұшпандылыққа итермелейтін кез - келген ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділікті насихаттауға заңмен тыйым салынады»* деп бекітілген (МППП, 1966). Және тағы бір дискриминацияға қарсы бап, АСКХП – ның 26-бабында орын тапқан. Көрсетілген бапқа сай, *«барлық адамдар заң алдында тең және ешқандай кемсітусіз заңды тең қорғалуға құқылы, сонымен қоса, дискриминацияның кез – келген түрі заңмен тыйым салынған болуы тиіс»* деп бекітілген (МППП, 1966).

Жоғарыда аталған заңдарға сүйене отырып, ҚР азаматтары азияттық нәсіл болып саналатындықтан, әрі Қытай Халық Республикасының азаматтарына ұқсастығы салдарынан, сонымен қоса, шетелдіктер қатарында болғандықтан, COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде өзге ұлттар немесе елдер тарапынан дискриминацияға ұшырауы және Халықаралық құқықтың орындалмауы орын алған болатын.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы атап өткендей, COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде дискриминацияға ұшыраған топтарға қолжетімді медициналық қызметтің көрсетілмеуі, оларды осал болып көрсетеді, әрі коронавирусымен күресу шараларының тиімділігінің төмендеуіне әкеледі делінген (Объединенные нации права человека). Пандемия әлемге әйгілі болған уақыттан бастап, бұқаралық ақпарат құралдарының мәлімдеуінше көптеген дискриминация себебінде азияттықтарға қарсы құқықбұзушылықтар орын алды. Құқықбұзушылықтар: Ұлыбританияда Сингапурлық студентке қарсы шабуыл (BBC NEWS, 2020), Шығыс Азия тұрғынына қарсы шабуыл мен ұрлық қылмысы (Nosheen Iqbal. 2020); АҚШ – та Оңтүстік Корея азаматына қарсы мемлекеттік қызметкер тарапынан күш көрсетілуі (abc7, 2020); Африкада қытайлықтарға қарсы ашық түрдегі дискриминация (Salem Solomon, 2020); Франциядағы азиялықтарға қарсы интернет желісінде орын алған дискриминациялар (BBC. 2020), және тағы басқа көптеген азиялықтарға және шетелдіктерге қарсы әлем бойынша дискриминация орын алған болатын.

Пандемия кезінде орын алған дискриминацияға қосымша мысал ретінде, Оңтүстік Корея және Жапония мемлекеттерінде тамақтанатын орындарға «қытайлықтарға кіруге болмайды» немесе «қытай тілінде сөйлесуге болмайды» деген жазбалар пайда болды. Және Ұлыбританиядағы қытайлық азаматтың қасында отырған тұлға ұлтың байқаған соң қашып кетуі. Немесе, жоғарыда айтып өткен мысалдардан да ауыр дискриминация азиялықтарды дәріханаларға кіргізбеу (European Union Agency, 2020), және вирус таратушы деген ұғыммен ұрып соғу да орын алған болатын (Quentin Fottrell, 2020). Германияда Мюнхен жергілікті тұрғынына дезинфекциялық құралды шашып, Корона деп қорқытуға дейін барған. Лондонның Оксфорд көшесінде Сингапурдың тумасы Джонатан Макка белгісіз адамдар тобы тарапынан шабуыл жасалып, коронавирус деп кінәлап, дерттің өз елінде көргісі келмейтіндігі жайлы ашық түрде айтып соққыға алғанда жағдайлар орын алған болатын. Жоғарыда айтылып өткен оқиғаларға жауап ретінде және дискриминацияны тоқтатуға амал іздеу мақсатында әлеуметтік желіде азиялықтар және шетелдіктер #менвирусемеспін атты флешмобын таратқан болатын (Русская служба «Голоса Америки», 2020). Осындай жолмен әлем бойынша көмек сұрауға мәжбүрлі болды деуге де болады. Сонымен қоса, осы флешмобтың дүниежүзі бойынша тарауы дискриминацияның дүниежүзі бойынша орын алатындығын айқындай түсті. Басқа адамдардың ксенофобиялық салдарынан, яғни, шетелден келген 36 жастағы Бангладеш тұрғыны, өзің коронавирус жұқтырдым деген шешімге келіп, өз – өзіне қол жұмсаған болатын. Өкінішке орай, жәбірленушіде коронавирус инфекциясының болмағаны мәлім болды (Mohammed A. Mamuna and Mark D. Griffiths, 2020).

COVID – 19 жаһандық пандемиясы кезінде орын алған дискриминацияға ұқсас жағдай, 2014-2015жж. Батыс Африка, Гвинеяда «Эбола вирусы» кезінде де орын алды. Көптеген Африкалықтарға қатысты жұмыста, мектепте және жұмысқа барар жолда Эбола вирусына байланысты кемсітушіліктер орын алды. Нью-Йорктегі мектепке 11 жастағы Сенегалдан келген Амаду мен оның 13 жастағы ағасы Папаны «Эбола безгегі» деп кемсітіп, ұрып-соққан болатын (L. Lin, B. J. Hall, L. C. Khoe, and A. B. Vodomo, 2020). Тағы да денсаулық дағдарысы «АИТВ» инфекциясын жұқтырған Кения, Оңтүстік Африка, Филиппинде және АҚШ-та өмір сүретін адамдарға қатысты ұқсас дискриминация орын алған болатын. Олар медициналық көмек алу құқығынан айырылып, жұмысқа орналасу немесе мектепке бару шаралары, дискриминация салдарынан қол жетімсіз болды (Human Rights Watch, 2020).

Біріккен Ұлттар Ұйымы елдерді COVID – 19 жаһандық пандемиясымен күресте адам құқықтарын «ерекше» сақтауға шақырған болатын (UN News, 2020). Дегенмен, қазіргі кездегі коронавирус инфекциясы салдарынан орын алған адам құқығына қарсы дискриминацияларға, әрі «Эбола» вирусы кезінде орын алған дискриминацияға сүйене отыра, қазіргі таңда дискриминацияны болдырмайтын немесе алдын алатын заңдардың әлсіздігін байқауға болады.

Қорытынды

